

**Целиноград ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы**

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 80/11-5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 16 қаңтарда № 3614 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 04-01-08/57 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 02.04.2014 № 04-01-08/57 хатымен).**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 18 бабының 8 тармағына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының 2 тармағына сәйкес Целиноград аудандық мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. Целиноград ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына келесі әлеуметтік қолдау шаралары:

1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы  
б е р у т ү р і н д е ;

2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін, бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит ұсынылсын.

2. «Целиноград ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет

және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы» 2012 жылғы 28 мамырдағы № 46/6-5 Целиноград аудандық мәслихатының ( Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-17-178 болып тіркелген, 2012 жылғы 27 шілдеде «Призыв», «Ұран» аудандық газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Целиноград аудандық мәслихаты сессиясының</i>
<i>төрағасы</i>	<i>А.Бутакова</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Целиноград аудандық Р.Түлкібаев</i>
<i>«КЕЛІСІЛДІ»</i>	
<i>Целиноград ауданының әкімі</i>	<i>А.Үйсімбаев</i>
<i>мекемесі бастығы</i>	<i>«Целиноград ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік Ә.Ыбраева</i>